**2022-2023 оқу жылы бойынша білім беру ұйымдарындағы эксперименттік алаң жұмысын жүзеге асыру тиімділігінің**
**БАҒАЛАУ /ӨЗІН ӨЗІ БАҒАЛАУ ПАРАҒЫ**

**«Әлихан Бөкейхан атындағы №76 мектеп-лицейі»**
**(білім беру ұйымы)**

**Эксперименттік алаңның атауы (ЭА) Global Scholars халықаралық жобасы**

| № | Индиктордың атауы | Индикатордың сипаттамасы | Ескертпе / материалдың болуы, ұсыныстар |
|---|---|---|---|
| 1 | ЭА мақсаты: | - оқушыларда маңызды жаһандық және жалпы оқу құзыреттіліктерін қалыптастыру | |
| 2 | ЭА міндеті: | 1 цифрлық сауаттылықты дамыту<br>2 тілдік қарым-қатынасты арттыру<br>3 жаһандық мәселені шешуге қажетті қабілеттерді игеру | |
| 3 | ЭА мерзімі: | Басталу мерзімі 01.09.2022<br>Аяқталу мерзімі 30.05.2023<br>Әлеуметтік серіктес (бар болса) | |
| 4 | ЭА іске асыруға тартылған педагогтердің сандық және сапалық құрамы | ЭА координаторы жоғары білімді 20 жылдық тәжірибесі бар ағылшын тілі пәні мұғалімі педагог эксперт Телгараева Замира Жанабаевна.<br><br>ЭА сабақ беретін жоғары білімді 3 жылдық тәжірибесі бар ағылшын тілі пәні мұғалімдері педагог-модератор мұғалімдер:<br>Думанова Мөлдір<br>Тилекберді Нуршуақ | |
| 5 | ЭА тартылған білім алушылар мен тәрбиеленушілердің үлесі | Топ, сынып, оқушылар, тәрбиеленуші саны<br>6 «В» сыныбы<br>Оқыту тілі: ағылшын тілі<br>Мемлекеттік тілі, оқушылар саны 24<br>Орыс тілі, оқушылар саны 0<br>Ағылшын тілі, оқушылар саны 0<br>бар болған жағдайда басқа тіл, ондағы балалар саны 0 | |
| 6 | Педагогтердің жетістігі | Жоба жетекшілері, жоба шеңберінде әр бөлім бойынша шетелдік әріптестерімен бас қосып, жоба барысында оқушыларда туындаған қиындықтары мен жетістіктерін талқылады.<br>Оқу жылы соңында жоба жетекшілері сертификатпен марапатталады.<br>2021-20222 оқу жылының соңында, жобаны сәтті аяқтағаны үшін келесі мұғалімдер сертификаттармен марапатталды:<br>- Қожахметова Қымбат<br>- Досқенова Айым<br>- Думанова Мөлдір | |
| 7 | Оқушылардың, тәрбиеленушілердің жетістігі | - Жоба аясында Мұқағали Мақатаев атындағы №74 мектеп-гимназиясының ұйымдастыруымен “**Brain your train**” олимпиадасына 5 «В» сынып | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | оқушыларымен қатыстық. Олимпиаданың бірінші кезеңінде “Food, Cities and our Future” тақырыбында бейне-ролик жасап, үздіктердің бірі болып, екінші кезеңге жолдама алдық.<br>Олимпиаданың екінші кезеңі №74 мектеп-гимназиясында өткізілді. Оқушылар екінші кезеңге үлкен дайындықпен, қолдаушылар тобымызбен бірге бардық. Олимпиада уақытында оқушылар бар білімдерін, өнерлерін көрсетті.<br><br>Олимпиада нәтижесінде командамыз сертификатпен марапатталды. Қатысушылардың ішіндегі ең жас команда болғандықтан жүлделі орын алмадық. Алайда комиссия мүшелері тобымызды жоғары деңгейде дайындалып келген деп ең шығармашыл топ деген мақтау берді.<br><br>- Жыл соңында жасалған жобалардың нәтижесінде 5 «В» сыныбының 24 оқушысы жоба аясындағы көрсеткен белсенділіктері үшін жоба директоры Меган Уилемнің сертификаттарымен марапатталды.<br><br> | |
| 8 | Өткізілген іс-шаралар | Жоба қатысушылары зерттеуші қабілеттерін жетілдіру мақсатында жыл бойы әр түрлі форматтағы жобалар қорғады және онлайн платформада шетелдік зерттеуші-достарымен бөлісті. Бағдарлама шеңберінде келесі жобалар жасалды.<br>- « Сәлем, Әлем! Бұл менің мектебім» бейне-ролик;<br>- «Тамақтану ортасы. Менің қаламдағы менің сүйікті тамақтанатын жерім » презентация;<br>- «Мектеп тамақтану ортасы. Мектеп асханасы» видео-ролик, интервью;<br>- «Супермаркеттерге тамақ қайдан және қалай жетеді?» зерттеу парағын толтыру<br>- «Қаламдағы тамақтану ортасы және | |

<table>
<tr><td></td><td></td><td>проблемалары» постер.<br></td><td></td></tr>
<tr><td>9</td><td>ЭА мониторингісі</td><td>Экспериментке қатысушылардың жұмысы жоба ұйымдастырушыларымен бақыланды.<br>




</td><td></td></tr>
</table>

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | <br><br><br>"Global scholars" жобасы барысында бірінші бөлімнің соңында екі топтың зерттеушілері арасында сауалнама жүргізілді. Сауалнаманың мақсаты зерттеушілердің жобадағы қызығушылықтарын анықтау болды. Сауалнамаға 49 зерттеушіден 41 оқушы қатысты. Сауалнама нәтижесі бойынша Зерттеушілердің басым көпшілігі жобаның ұнайтындығын және оқушылардың дамуына жобаның пайдасы бар екенін көрсеткен. Жоба зерттеушілерге жаңа сөздерді меңгеруге және оны қарым-қатынаста пайдалануға көмегін тигізетіндігі белгілі болды. Жоба аясындағы зерттеушілер үшір ең қызықты жұмыс түрі шет елдік достарымен хат алмасу екені анықталды. Жалпы сауалнаманың нәтижесі бұл жоба жас зерттеушілердің дамуы үшін жақсы мүмкіндік болып табылады. | |
| 10 | ЭА қатысушылардың ғылыми қызметі<br><br>ЭА қызметінің нәтижелерін тарату | Жоба аясында "World of water" «Су әлемі» тақырыбы шеңберінде жоба қатысушыларының зерттеу жұмыстарының нәтижесі негізінде мақала жазу жоспарлануда | |
| 11 | ЭА енгізу сапасын анықтау бойынша бақылау-өлшеу құралдары | «Global Scholars» жобасы шеңберінде оқушылар жахандық деңгейде ойлануға, проблемаларды шешуге және зерттеу жасауға үйренеді.<br>Сонымен қатар оқушылардың әлемнің түрлі мемлекеттерінен өздеріне дос тауып, ой – өрістері кеңейеді<br>Әр түрлі тақырыпта жоба қорғау арқылы олардың шығармашылдық, сыни ойлау қабілеттері дамиды<br>Жобаның орындалу сапасын анықтау бойынша бақылау-өлшеу құралдары: зерттеушілердің жұмыс дәптері, жобалық жұмыстары, зерттеу парақтары, онлайн платформадағы хат алмасу алаңы.<br>Жобаның жүргізілу сапасы жоба ұйымдастырушылары мен жоба жетекшілері және мұғалімдерімен бақыланады, PD онлайн кездесулерде талқыланады | |
| 12 | ЭА бойынша SWOT-талдауы | Жобаның жұмысына кері байланыс алу мақсатында зерттеушілермен мектептен тыс | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | Мәселелерді шешу жолдары | кездесулер ұйымдастырылып, еркін сұхбат немесе әңгімелесу жүргізіледі.<br><br>Әлсіз жақтары: сөйлеу дағдысын дамытуға аз көңіл бөлінеді, тек хат арқылы ғана қарым-қатынасқа түсу<br><br>Күшті жақтары: сыни ойлау, шығармашылық, сауатты жазуға мүмкіндік береді<br><br>Қауіптер: хат жазысатын достарын шынайы бағаламау/ санамау<br><br>Мүмкіндіктер: Шет елдерде өзін еркін сезінуге, ұлтаралық құзыреттілікті дамытуға мүмкіндік береді<br><br>Мәселені шешу үшін не істеу керек? Видео кездесулер ұйымдастыру | |

**Толтыру күні 07.12.2022 жыл**

**Директордың бейіндік оқыту бойынша орынбасары: Ташенова Ш.М.**
**Global Scholars халықаралық жобасының координаторлары: Телгараева З.Ж.**

**Мектеп-лицей директоры Б. Сейдеш**